

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Педагогика және психология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Табиғат пен қоғам жайында жинақталған білім жүйесін меңгеру, өмірде қолдану

- A) тәрбие
- B) қалыптастыру
- C) оқыту
- D) оқу
- E) білім беру

2. Үлгі, білім мазмұнының негізі

- A) оқу бағдарламасы
- B) оқу жоспары
- C) оқулық
- D) принцип
- E) стандарт

3. Оқу-тәрбие үдерісінің барысы мен нәтижесі туралы ақпарат алу тәсілі

- A) Сауалнама
- B) Диагностика
- C) Тәжірибе
- D) Мониторинг
- E) Бақылау

4. Бақылаудың түрлері

- A) Алдын ала бақылау, күнделікті бақылау, қорытынды бақылау
- B) Ауызша бақылау, жазбаша бақылау, дидактикалық тестер
- C) Педагогикалық себептер, тәжірибелік бақылау
- D) Аралық бақылау, жазбаша бақылау, тест
- E) Оқтын-оқтын бақылау, аралас бақылау

5. Сынып-сабақ жүйесінің негізін қалаған ғалым

- A) И.Ф.Герbart
- B) З.И.Калмыкова
- C) К.Д.Ушинский
- D) А.С. Макаренко
- E) Я.А.Коменский

6. Белгіленген тәртіп пен режимде жүзеге асырылатын мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің сыртқы көрінісі

- A) Оқыту әдістері
- B) Оқыту заңдылықтары
- C) Оқыту ұстанымдары
- D) Оқыту формалары
- E) Оқыту тәсілдері

7. Оқытудың сөздік әдістер тобына_____ жатады

- A) Бақылау, кітаппен жұмыс
- B) Жаттығу, лабораториялық
- C) Баяндау, лекция, пікірталас
- D) Демонстрация, әңгіме, ойын
- E) Иллюстрация, тәжірибе, түсіндіру

8. Оқыту мақсатына жетуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекет амалдары:

- A) Оқыту мазмұны
- B) Оқыту әдістері
- C) Оқыту формалары
- D) Оқыту ұстанымдары
- E) Оқыту құралдары

9. Оқыту үдерісінің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру формаларын анықтайтын негізгі ережелер

- A) Дидактикалық ұстанымдар
- B) Оқыту заңдылықтары
- C) Оқыту формалары
- D) Оқытудың әдістері
- E) Оқытудың тәсілдері

10. Дидактиканың атқаратын екі басты қызметі

- A) Білім беру, дамыту
- B) Теориялық, эстетикалық
- C) Теориялық, практикалық
- D) Тәжірибелік, қалыптастыру
- E) Оқыту, тәрбиелеу

11. Оқыту мен білім беру, олардың мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары, ұйымдастыру формалары туралы педагогиканың құрамдас бөлігі

- A) Тәрбие теориясы
- B) Оқыту теориясы
- C) Мектептану
- D) Педагогика тарихы
- E) Педагогиканың жалпы негізі

12. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамыту _____ тәрбиенің мақсаты

- A) Азаматтық
- B) Экономикалық
- C) Кәсіптік
- D) Ақыл-ой
- E) Эстетикалық

13. Тиімді экономикалық іс-әрекетке деген ынта мен талпынысты қалыптастыру _____ тәрбиенің міндеті

- A) Азаматтық
- B) Экономикалық
- C) Кәсіптік
- D) Ақыл-ой
- E) Еңбек

14. Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарастарын, еңбек етуге даярлықтарын, мамандықты саналы таңдауларын қалыптастыру _____ тәрбиесінің мақсаты

- A) Азаматтық
- B) Құқықтық
- C) Кәсіптік
- D) Ақыл-ой
- E) Еңбек

15. Жастардың тәлімгері ретінде өзіне қойылатын әлеуметтік үміттерді тепе-тең қабылдау негізінде құралатын мұғалімнің мінез-құлқы педагогикалық

- A) ұстамдылық
- B) қабілет
- C) іскерлік
- D) әдептілік
- E) шеберлік

16. Оқушыны білім байлығымен қаруландыру, іскерлік пен дағдыны игерту қызметі

- A) оқыту
- B) дамыту
- C) білім беру
- D) қалыптастыру
- E) тәрбие

17. Жасөспірімдік кезеңдегі негізгі мәселе

- A) қарым-қатынасты ұйымдастыру
- B) мінез акцентуациясы
- C) мамандық таңдауға дайындау
- D) танымдық қызметін дамыту
- E) физиологиялық жетілу

18. Жеткіншек жасынан «ересектер жасына» көшкен кездегі байқалатын теріс мінез көріністері

- A) үлкендермен қарым-қатынасқа басымдық беру
- B) жолдастарымен ойнап, сабақ оқығысы келмеу
- C) біреуге ерегесу, тәртіп бұзуды көбейту
- D) ақыл-ойы дамып, өзінің теріс қылықтарына талдау жасау
- E) өмірге деген теріс көзқарасының пайда болуы

19. Еске түсіре алмай, танымай, қателесуден көрінетін үдеріс

- A) жаңғырту
- B) қиялдау
- C) тану
- D) ұмыту
- E) елестету

20. Ұмытылған материалдың уақыт өткен соң еске қайта оралу құбылысы

- A) агглютинация
- B) иллюзия
- C) акаомодация
- D) реминиссенция
- E) галлюцинация

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Тәрбиенің мәні

- A) қоғам үшін саналы, белсенді, ізгіленген, іскер азаматты қалыптастыру
- B) оқушыларды білім алуға ынталандыру
- C) оқушының өмірдегі орнын анықтап, болашаққа жол сілтеу
- D) оқушыны қоғамдық жұмыстарды атқаруға үйрету
- E) оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру

2. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын жоспарлау жұмысын бастайды

- A) оқушылардың физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуден
- B) сыныпқа сипаттама беруден, отбасын зерттеуден
- C) оқушыларды, олардың арасындағы қарым-қатынастарды, отбасын зерттеуден
- D) пән мұғалімдерінің, мектеп әкімшілігінің пікірлерін зерттеуден
- E) балалардың тұрғылықты мекен -жайын зерттеуден

3. Оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру формалары

- A) Топтық
- B) Зерттеушілік
- C) Жеке
- D) Ғылыми
- E) Көпшілік

4. Сынып жетекшісінің оқушылар арасында өзара қарым-қатынасты қалыптастыру қызметі

- A) талдау
- B) коммуникативтік
- C) прогностикалық
- D) жоспарлау
- E) болжамдық

5. Тәрбие әдісі

- A) тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланысты педагогикалық жұмыс тәсілдері
- B) жалпы әдіс бөлігі, нақты жақсаруға жеткізетін жеке әрекет
- C) мақсаттар мен міндеттерге жетудің жолдары
- D) оқушының адамдық қасиеттерін қалыптастыратын тәуелсіз материалдар
- E) балалар көзқарасына ықпал етудің педагогикалық тәсілі

6. Жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру үрдісі

- A) тәрбие
- B) оқыту
- C) білім беру
- D) әлеуметтендіру
- E) дамыту

7. Адамгершілік сананы қалыптастырудың маңызды әдісі, әсіресе оқушылардың саналы тәртібін тәрбиелеуде оның рөлі ерекше

- A) талап қою
- B) түсіндіру
- C) күн тәртібі
- D) сабаққа дайындалу
- E) қоғамдық пайдалы еңбек

8. Қазақстан Республикасының тәрбие жүйесін басқару, ұйымдастырудың заңнамалық негізі:

- A) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
- B) Қазақстан Республикасының «Ғылым» Заңы
- C) Қазақстан Республикасының «Еңбек» Кодексі
- D) Қазақстан Республикасының «Экологиялық» Кодексі
- E) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық іс» Кодексі

9. Микроұжым, бригада, шағын топ құру қандай әдіс-тәсілге жатады?

- A) Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру.
- B) Туристік және өлкетанушылық жұмыстарды ұйымдастыру.
- C) Шығармашылық және ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру.
- D) Клубтық, үйірмелік жұмыстарды ұйымдастыру.
- E) Ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру.

10. Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі

- A) өзін-өзі сендіру
- B) өзін-өзі мадақтау
- C) өзін-өзі үйрету
- D) қайта тәрбиелеу
- E) қайта ұғындыру

11. Тәрбие жұмысын жоспарлауға қойылатын негізгі талаптар

- A) жүзеге асыруға болатындығы, ұжымның мүмкіншіліктері мен күштерін есепке алу
- B) эстетикалық безендірілуі, жүзеге асыруға болатындығы
- C) оқушылардың физиологиялық ерекшеліктерін есепке алу
- D) оқушылар мен олардың ата-аналарының қалауы
- E) орындаушыларды белгілеу, ортаның қажеттіліктерін ескеру

12. Мектептегі тәрбие беру жүйесін қажетті ғылыммен байланыстыр

- A) физика
- B) жаратылыстану
- C) биология
- D) химия
- E) физиология

13. Ата-аналар жиналысы оқу жылы бойына өткізіледі

- A) жылына 1 рет, сыныптар бойынша қалауынша
- B) жылына 3 рет, сыныптар бойынша 5 рет
- C) жылына 4 рет, сыныптар бойынша 3 рет
- D) жылына 2 рет, сыныптар бойынша 8 рет
- E) жылына 1 рет, сыныптар бойынша 4 рет

14. Тәрбие процесіндегі тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын пәрменділіктер

- A) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастарға , әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылатын мақсаттардың бір- біріне үйлесуі
- B) Сыртқы қарым-қатынасты жою
- C) Тәрбие процесінде кездесетін кедергілер
- D) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- E) Жаңа талаптардың бағыттары

15. Тәрбие бағыттары:

- A) азаматтық, патриоттық, экономикалық
- B) азаматтық, достық, экономикалық
- C) көпшілік, намыстық, экономикалық
- D) азаматтық, ұлттық, экономикалық
- E) көпшілік, экономикалық, шыдамды

16. Тәрбие формасын, әдісін, тәсілін таңдау немен байланысты:

- A) тәрбиелік іс- әрекеттің мазмұнына, міндетіне, оқушының дара және жас ерекшелігіне, тәрбиешінің шеберлігіне байланысты
- B) оқушының жеке және жас ерекшелігіне, тәрбиешінің шеберлігіне байланысты
- C) тәрбиелік іс- әрекеттің мазмұны, міндетіне тәрбиешінің шеберлігіне байланысты
- D) тәрбиелік іс- әрекеттің міндетіне, оқушының жеке және жас ерекшелігіне, тәрбиешінің талабына байланысты
- E) тәрбиелік іс- әрекет оқушының жеке және жас ерекшелігіне, тәрбиешінің шеберлігіне байланысты

17. Сынып жетекшісінің құрастыратын жоспары

- A) тақырыптық жоспар.
- B) оқу-жоспары.
- C) әдістемелік жұмыс жоспары
- D) тәрбие жұмысының жоспары
- E) күнтізбелік жоспар.

18. Мектепке дейінгі шақта баланың негізгі іс- әрекеті:

- A) ойын
- B) еңбек
- C) оқу
- D) кітап оқу
- E) қоғамдық жұмыс

19. А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық еңбектеріндегі негізгі мәселе болып табылады

- A) Дидактика мәселесі
- B) Ұжымдық тәрбие
- C) Шығармашылық
- D) Таным мәселесі
- E) Оқыту мәселесі

20. Сендіру әдісі іске асырылатын тәсілдер:

- A) көзін жеткізу, түсіндіру, әңгімелесу, баяндау
- B) түсіндіру, әңгімелесу, күштеу
- C) көзін жеткізе алмау, түсіндіре алмау
- D) көзін жеткізу, түсіндіре алмау
- E) түсіндіру, әңгімелесу, баяндау

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Құқықтық тәрбие негізі қаланады

- A) балабақшада
- B) мектепте
- C) отбасында
- D) қоғамдық ұйымдарда
- E) үйірмеде
- F) сыныптан тыс жұмыстарда
- G) кітапхана жұмысында

22. Ақыл-ой түрлері

- A) диалектикалық
- B) категориялық
- C) танымдық
- D) логикалық
- E) индуктивтік
- F) дүниетанымдық
- G) проблемалық
- H) теориялық

23. Оқушылардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдаланылатын маңызды құралдар

- A) гимнастика
- B) ойын
- C) спорт
- D) туризм
- E) табиғи факторлар
- F) күн көзі
- G) акробатика

24. Дене тәрбиесінің негізгі құралдары

- A) дене жаттығулары
- B) гимнастика
- C) ойын, спорт
- D) туризм
- E) табиғи факторлар
- F) гигиеналық талаптар
- G) жүгіру, қарғу

25. Тәрбиенің құрамдас бөліктері:

- A) ақыл- ой тәрбиесі
- B) еңбек тәрбиесі
- C) адамгершілік тәрбиесі
- D) топтағы тәрбие
- E) топтық жұмыстар
- F) ұйымдастыру
- G) жоспарлау
- H) болжау

26. Ақыл-ой тәрбиесінің мақсаты:

- A) ғылым негіздерімен терең және берік қаруландыру
- B) таным қабілеттерін және ойлай білуін, қиялы мен түйсігін дамыту
- C) білуге талпыну
- D) білуге құштарлық
- E) мектеп өмірін тану
- F) оқушылармен сурет салу
- G) музей жұмыстарын зерделеу
- H) жалпы сауаттылық

27. Қиын балалардың пайда болуына себеп болатын факторлар:

- A) қоғамдағы экономикалық жағдай
- B) жағымсыз орта
- C) отбасындағы келіспеушіліктер
- D) жақсы достар
- E) жақсы отбасы
- F) түсінушілік
- G) қызығушылықтар
- H) достар

28. Тәрбие жоспарына қойылатын талаптар:

- A) жан - жақтылығы
- B) тәрбиенің барлық салаларын қамтуы
- C) жеке тәрбие түрлері
- D) отбасы тәрбиесі
- E) топшілік тәрбие
- F) тұлғааралық
- G) іс- әрекеттік
- H) ана тәрбиесі

29. Қазақ ағартушылары:

- A) Ы.Алтынсарин
- B) А.Байтұрсынов
- C) Н.Құлжанова
- D) В.М.Мельников
- E) А.Бейсембаева
- F) Мұздыбаева
- G) Ж.Түріпенұлы
- H) Ж.Алдамұратов

30. Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі тәрбие бағыттары:

- A) патриоттық
- B) азаматтық
- C) моральдық
- D) әдеби
- E) адами
- F) кісілік
- G) топтық
- H) жеке

Жазғаяттық тапсырмалар
1-жазғаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Алғашқы қоңыраудан кейін оқушылардың көңіл- күйі көтеріңкі. Сынып жетекшісі сынып ұжымын қалыптастырып, болашақ көшбасшыларды анықтау мақсатымен балалардың өздерінің сыныбының қандай болғанын қалайтындықтары туралы эссе жазып келуді тапсырды.

Эссені тексеріп отырып мұғалім бір оқушының өзін староста ретінде көретінін, басқаруды ұнататынын жазғанын, ал екінші бір оқушы сыныпты қалай ұйымшыл, әрі мақсатқа жетуде белсенді етуге болатыны туралы өз пікірін талдап жазғанын оқып риза болды. Үшінші бір қыз староста тек қыз болуы керек деп жазған.

31. Сыныпты алғаш ұйымдастыру кезінде оқушылардың бір-бірімен дұрыс қарым -қатынас орнатуда сынып жетекшісінің ролі қандай?

- A) әр оқушының пікірін талдау, мәнін ашу, әділетті шешім қабылдау
- B) әр оқушының пікіріне мән бермеу
- C) өз шешімін дұрыс деп тану
- D) оқушылар пікірімен санаспау
- E) асығыс шешім қабылдау

32. «Староста тек қыз болуы керек» деген пікірді сынып жетекшісі қалай бағалайды?

- A) сынып жиналысында дауысқа салады
- B) қыздар тиянақты, әрі ұқыпты , деген пікірде болады
- C) қыздарды көтермелеу
- D) сыртқы түріне көңіл аудару
- E) «сөзі өтеді ау» деп санау

33. Сынып ұжымын қалыптастыруда нақты қандай әдісті пайдаланған дұрыс?

- A) социометриялық
- B) тренинг
- C) жаттығу
- D) сергіту ойындары
- E) қозғалыс ойындары

34. Сынып жетекшісінің сынып ұжымын қалыптастыруда пайдаланған әдісі дұрыс па?

- A) әр оқушымен жеке әңгімелесу керек
- B) сынып оқушыларының пікірін білу
- C) жеке оқытушылардың пікірін білу
- D) ата- аналардың пікіріне көңіл аудару
- E) қыздармен сөйлесу керек

35. Сынып жетекшісі старостаны анықтауда қай оқушыға басымдық береді?

- A) ұйымшыл, әрі мақсатқа жетуде белсенді ету туралы өз пікірін жазған
- B) сыныпты ойламағандарға
- C) мектепке келіп кететіндерге, қоғамдық жұмысқа араласпайтындарға
- D) сыртқы түрі ретті көрінген оқушыға
- E) пысық, белсенді, ұқыпты оқушыға

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Сіздің тоқсандыққа қойған бағаларыңыз бойынша келіспеушіліктерін білдіріп, 9 -сынып оқушыларының ата-аналары сізге келді. Олар сіздің тоқсандыққа қойған бағаларыңызды әділетті емес деп санайды.

36. Әділетсіз бағаланғаны туралы өтінішіне не дер едіңіз?

- A) баланы адалдыққа үйрету мақсатымен қойылғанын түсіндіремін
- B) баланы адалдыққа үйрету үшін қойылғанын түсіндірмеймін
- C) мұғалімді кінәлаймын
- D) қалай осы сұрақты қойғанына ренжимін
- E) болашақта балалардан әділдікті күтеміз.

37. Оқушылардың ата-аналарын не үшін мектепке шақырдыңыз?

- A) оқушыларды адалдыққа, әділеттілікке тәрбиелеу
- B) оқушыларды өтірікке, әділеттілікке тәрбиелеу
- C) оқушыларды адалдыққа, әділетсіздікке тәрбиелеу
- D) оқушыларды қинау
- E) оқушылармен әңгімелесемін

38. Қорытынды бақылауда жазылған қателердің де бірдей болуы нені көрсетеді?

- A) жіберген қате бойынша оқушылардың білімдерінің төмендігін көрсетеді
- B) оқушылардың көп ізденбейтіндігі
- C) оқушылардың тапсырманы тез ойланбай өткізе салуы
- D) білім алуда тиянақты дайындалудың аздығы
- E) болашақта бір-бірінен көшірмеуге

39. Тоқсандыққа қойған бағаларыңызды әділетті емес себебін қалай шешуге болады?

- A) оқушылар білімді өздері үшін алатынын, сондықтан әр оқушы өзі еңбектенуі керектігін, өтірік алға баспайтынын түсіндіру
- B) балалардың тек бақылауды жазып құтылуды ойлауы
- C) мәселені жыдам шешу жолы осы деп санауы
- D) өзбеттерімен еңбектенуден қашуы
- E) мұғалім байқамайды деп ойлауы

40. Бұл жағдайда сіз не істейсіз және неге олай істер едіңіз?

A) Ата-аналарды сабаққа қатысуға шақырамын.

B) Пән мұғалімдерін ата-аналармен әңгімелесуге шақырамын.

C) Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін түсіндіремін.

D) Педагог қызметін бағалау олардың құзыретіне жатпайтынын түсіндіріп, теріс пікір білдіремін.

E) Педагог қызметін бағалау олардың құзыретіне жатпайтынын түсіндіремін.

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.